

## ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ ТҰЛПАРЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕ ҚАСИЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Шабан Айдоғду

Тарихтан да белгілі болғандай атты алғаш қолға үйреткен, соғыста пайдаланған көне түріктер(1.208-209). Қытай деректері гундардан бұрынғы солтүстіктегі қытай тайпаларының атқа мініп соғысуды білмегендігін жазады(1.209). Түріктердің соғыс өнеріне деген жетіктілігіне және олардың құстай қанатты аттарының жылдамдығына таң қалған византиялықтардың «Түріктер аттың үстінде туылғандай»(2.209), «Түріктер атқа мінгенде, олардың аттары құстай ұшады, оларға ешкім қарсы тұра алмас»(3.68) деген сөздері ата-бабаларымыз мінген тұлпарлардың қандай ерекше жаратылыста және атақты екендігін дәлелдесе керек. Сонымен қатар бұл пікірлер ата-бабаларымыздың қандай қиын кезде болмасын өжет те қайсар, қайтпас мінездері мен ерліктерінің арқасында өмірге келген батырлық жырларының, дастандарының қалай өмірге келгенін де аңғартса керек. Сонау Қытайдан бастап Римге дейін ұлан-ғайыр далада қайран бабаларымыздың жаз жайлауын, қыс қыстауын үйір-үйір жылқыларының ыңғайына қарай белгілеп, көшіп өмір кешкенін де көреміз.

Жалпы ат-ер түріктің мінетін қанатты тұлпары, жейтін азығы, ішетін сусыны. Жаңа туып өмірге келген әр түрік баласы ес біле бастағаннан ер түріктің баласы атану үшін аттың құлағында ойнап өсіп, жан жолдасы-аттың бар қыр сырын білетін болған. Ер түріктің басына іс түскен қысылшан, қиын-қыстау, шешуші кездегі құтқарушысы, ақыл берер, айтпай бір-бірінің сырын түсінер адал досы, есті тұлпары болған. Бамсы Байрақ жаудың қолына түсіп зынданда он алты жыл қамауда қалып, ақыры құтылады. Бірақ артынан жау әскері қуып келе жатады. Осы кезде ол, бір ат тауып, мініп ел жұртына жету үшін жылқыға келсе, өзінің Боз айғырын көреді. Аты да оны көріп қуанышынан екі артқы аяғынан тік тұрып кісінейді. Бамсы Байрақтың атының сол жерде өзін сонша жыл бойы күткеніне риза болып айтқан сөздері түрік батырына тұлпарының қаншалықты жақын және қадірлі екендігіне айғақ болмақ: «Арқаңа мінген ат емес, жан серігім едің. Сен маған бірге туған інімнен де жақынсың. Менің басыма іс түсіп тұр. Сені ең жақын досым деп санаймын. Сен маған достан да артықсың». Байрақ сонда атының мойнынан құшып, екі көзінен кезек кезек сүйеді(4.45).

Махмут Қашғари сөздігінде «Құс қанатымен, ер атымен» делінсе (5.33).

Алып

Әр Тұнғаның «Аспанда ай қандай болса, ер үшін де аты сондай» сөзі (6.CDXXVI). Қорқыт-Ата кітабындағы «Аты өнер көрсетеді, ер сонымен мақтанады, жаяудың үміті болмас»(7.69), сықылды сөздер ата-бабаларымыздың қасиетті деп санаған тұлпарларға деген көзқарасын көрсетпек. Түркі халықтарының ғасырлар бойынша қалыптасқан ортақ байлықтарының біреуі ортақ «Эпостық шығармалардың қайсысын алсақ та, жақсы атсыз жыр жоқ»(8.66). Демек жақсы атсыз батыр да жоқ деген сөз.

Түрік батырларының қалай өз аты, есімі атақты болса оның тұлпарының аты да,

есімі де сондай атақты болған. Тұлпарларға адамша есімдер берілуі оларға берілген баға мен көрсетілген құрметтің белгісі. Күлтегін мінген негізгі тұлпарының біреуіне Алып Шалшы есімінің берілуі-оларға деген құрметтің белгісі. Өйткені алып-батыр, қаһарман деген сөз және ол ерекше ерлік көрсеткен ерлерге ғана берілген атақ. Орхон ескеткіштерінде қатысқан барлық жорықтарында Күлтегіннің мінген аттарының есімдері бар. Күлтегін кезегімен Боз атына, Торы атына, Ақ айғырына, Башгы бозатына, Алып Шалшы атына, Азман ағына, Аз қарагеріне, Өгсіз ағына мінеді(9.53-58). Тағы да Оғыз ханның Шұбар айғыры, Манастың Аққұласы, Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы, Ер Тарғынның Тарланы, Қамбардың Қара Қасқасы, Көрұлының Қыр аты, Эр Табылдының Арчаторысы, Баттал Газидың/Сейіт Батталдың/ Ашқары аты белгілі тұлпарлардың кейбіреулері ғана.

Біз қарастырған «Алпамыс»(10), «Қобыланды»(10.77-53), «Эр Табылды»(11.104-387), «Жаныш-Байыш»(12), «Баттал Гази»(13), «Данишменд Гази»(14) дастандарында да басқа дастандарымыздағы сияқты ел қорғаны батырлардың аттарының ие болған қасиеттерінің жырлануы жағынан ұқсас болып келеді.

**Жырларда батырлардың аттарының ерекше қасиеттері туралы алғаш сөз етілуі:**

«Алпамыста» ат туралы алғаш сөз батыр бала бұрынғы айттырып қойған қалыңдығына бармақшы болып жылқыға ат таңдауға келгеннен басталады. Батыр бала ұстаймын деген тұлпардың ешқайсысын ұстай алмай пұшайман болып жылайды. Ал сырттай қарағанда кісі тани бермейтін арық, күйсіз болып көрінетін Шұбар ат «мені ұста»дегендей қайта-қайта келе береді. Осы жай жырда төмендегіше суреттеледі:

«Алпамыс батыр...

Саймандарын сайланып,

Алтыннан кемер байланып,

Жылқыға қарай жөнөді.

Мінейін деп шонықты.

Ұстай алмай ешбірін,

Баланың көңілі торықты.

Өстіп жылап тұрғанда

Ошақтай бар жауыры,

Жал-күйрықтан дымы жоқ..

Шабатұғын күйі жоқ.

Заты арық демесең

Сұлулықтан міні жоқ.

Құлан тісін тастаған

Шұбар дөнен жолықты.

Баяғы көрген Байшұбар,

Мені ұста деп жануар,

Көлденең тартып тұрады.

Мінбеймін деп Алпамыс,  
Жүгенмен басқа ұрады.  
Жүгенде деп басымды,  
Жүгенге мойнын бұрады.  
Ашуланып Алпамыс,  
Жүгенімен басқа ұрды.  
Елемеді оны да,  
Қарсы алдынан тақ тұрды.  
Ашуланып Алпамыс,  
Құйрықтан алып лақтырды.  
Жығылмады онымен,  
Тақыр жерге тақ тұрды.  
Сол уақытта Алпамыс,  
Қарадан шыққан төре еді,  
Не салсаңызда көнеді.  
Шұбар атты абайлап,  
Ақылмен ойлап біледі.  
Ұстаймын деп жақындап,  
Қасына таман келеді.  
Мойын сұнып жануар,  
Жүгенге басын береді.  
Сол уақытта шұбар ат,  
Төрт аяғы тең болат.  
Дұшпан ұстап алар деп,  
Өкіммен құрық салар деп,  
Жасырып бойын жүр еді.  
Жүгендеп басын алғанда,  
Үстіне ер салғанда,  
Сегіз жасар ат болды.  
Дөненмен бесті бір еді.

Шұбарды бала ұстады»(10. 25).

Осылайша жырда Шұбар аттың батырға сай ерекше жаратылған, батыр келгенше сақталып, қорғалған тұлпар екендігі суреттеледі.

«Қобыланды» жырында Қобыландының алғаш мінген аты Тобылғы менді торы аты болады. Қобыландының батырлығына сай атын Көктім аймақ ханының қызы және батырдың сүйікті жары болған асқан ақыл иесі Құртқа табады. Қобыланды Құртқаны алып ел-жұртына қайтар жолда немере ағасы Селімбайдың жылқысының қасынан өтерде Құртқа буаз Көк ала биені көріп;

«Сонау тұрған биені мені берсең де алғын»(10.81), деп ақыл айтады. Осы жерде түркі халықтары жырында жиі кездесетін білгір де көреген, батырға сай жар, әйел образы қайталанатын. Құртқаның бір көргеннен Көк ала биенің ертеңгі күні асыл тай туатынын білуі нағыз көрегендік. Себебі осындай асыл аттарды тек арнайы сыншылар ғана біледі. Құртқа да шынында батырға лайық, батыр үшін жаратылғандай. Асқан ақыл иесі Құртқа «Тобылғы менді торы атың жауға мініп шабуға жарамайды»(10. 81) деп батырдың өзіне сай атының болуы керек екенін айтып, өзінің қырық нарға артылған жасауының

барлығын Көк ала биені алу үшін сол сәтте еш ойланбай бере салады. Осыдан қасиетті аттың қаншалықты бағалы екенін аңғаруға болады.

Ал Баттал Газидың/Сейітбатталдың/ аты Ашқар болса, Баттал әлі дүниеге келместен бұрын Аллах тарапынан болашақ батыр үшін арнайы жіберілген болып суреттеледі.

Дастанда Ашқарды тауып алған кісі Батталдың әкесі Хусейін Гази екендігі және қалай тапқаны былай суреттеледі:

«Хусейін Гази атынан түсіп үңгірдің ішіне кірді. Бір екі қадам алға жүргенде алтын түсті Сары бір атты көрді. Ат жүгенделген, ері салынған, бір ұлы найза қасында жерге қадалып тұр, жерде үлкен бір күрзі, бір жағынан ат қатты соған байланып қойған. Хусейін Гази аттың сұлулығына таң қалады. «Осындай ғажап сұлу ат мұнда қалай тұр» дейді. Атты ұстау үшін жақындаса, ат тебеді Хусейін Гази әрең дегенде одан құтылады. Қандай айла, тәсіл қолданса да атты ұстай алмады. Үңгірдің бұрышынан бір дауыс естілді. Ол дауыс «Уа Ашқар сол жігітке бағын. Әлі уақыты келген жоқ. Уақыты келгенде, мен осы жерден шығармын. Сені Алла Тағала Джаферге/Баттал Газиге/ жіберді. Джафер кейін келеді. Ол келгенде соғысып жер бетінде кәпірлердің бетін қайтарады. Ол жігітке мойын сұнып бағын» деді.

Ат сол дауысты естігеннен тыныш бола қалды. Хусейін Гази жан-жаққа қараса, ешкімді көре алмады. Кейін барып аттың тізгінінен ұстады... Өз атына мініп, Ашқарды жетегіне алып жолға шықты (13.69).

«Эр Табылды» жырында батырды және оның астындағы аты Арчаторыны мақтаған Соқыр қара сыншы алғаш ат туралы сөз қозғайды:

«Эр табылды көрүндү,  
Дұшпаным бар деп санабай,  
Арчаторы бууданның  
Шайбырына төндүрүп» (11.119).

**Батырлардың аттарын асырап тәрбиелеушілер**

«Қобыланды» және «Эр Табылды» жырларында батырлардың аттарын бағып, асырап тәрбиелегендер қыз-әйел болуы жағынан ұқсас болып келеді.

«Қобыланды» жырында Селімбайдан Көк ала биені алып, кейін жолға шығып біраз кеткеннен кейін биенің туатын мезгілі жеткенде, Құртқа көшті тоқтатады. Құлынға бір нәрсе болар деп Құртқаның жаны шығады. Туғанда да тұяғын жерге тигізбей үстіндегі алтын тонын шешіп, соған Бурылды орап, «Күн түсірмей көзіне, жел тігізбей өзіне, үстіне шатыр» тіккізіп, сол жерде қырық күнге шейін қонып, өз қолымен Құртқа Бурылды бағады.

«Құртқа сынды сулуың  
Айтса сөзін өткізді.  
Көп нөкерін жүгіртіп  
Не керегін жеткізді.  
Үйір болып сол жерде  
Қырық күнге шейін Бурылға

Қулықтың сүтін емізді.  
Және қырық күн біткенше  
Қысырдың сүтін емізді.  
Сексен күні біткесін

Тоқсан күні жеткесін  
Арымасын талмасын деп  
Жеміне қосып қыз Құртқа  
Қызыл дәрі жегізді.  
Бурылға қыз Құртқа  
Түндікпенен күн берді  
Түндікпенен су берді

Дәрілеген жем берді»(10.83) деп,айтылып Құртқаның сүйікті батырының болашақта мінетін атына қаншалықты мән бергені суреттеледі. Еліне келгеннен кейін де,батыр Қобыландының жылқыда жүріп, үйіне алты жыл бойынша келмеген кезінде де Құртқа Бурылға арнайы күніне неше қарап, баласындай жебейді.

«Эр Табылдыда» батырдың аты Арчаторыға қарындасы Қарлығаш қарайды.

«Қардығач мақпалдан қылған дорбаға мейізден жемді салып,Арчаторуға түшкү жемін беріп,жалын тарап,соорусун сылап,күнгө бір маал барып келүчү эле»(11.132).

**Батырлардың аттарының адамдарша ақылды болып суреттелуі**

Батырлардың тұлпарларының тағы ортақ бір ерекшелігі-олардың адамдарша ақылды және сезімталдылығы.

«Алпамыста» Байшұбардың ақылдылығын алғаш

«Дұшпан ұстап алар деп,

Өкіммен құрық салар деп,...»(10.25),бойын жасырып келуінен көреміз.

Сын сағатында батырдың жайын сезіп, сол қиындықтан батырды қалайда аман алып шығуға әрекет жасаулары да -аттарының ақылды болуларының бір мысалы.Алпамыс та Қазан батырмен кездескенде,сондай жағдайды бастан кешеді.Өйткені, Қазан батыр-асқан күштің иесі,жау батыры. Ол «найзасын сәскелік жерден шаншады»Алпамыспен жекпе-жекке шықпастан бұрын,бір отырғанда ол «Майлы бие тоғыз қойды жеп шыққан» деп суреттеледі. Қолындағы күрзімен ұрғанда,Шұбар ат қарғып кетіп,баланы аман қалдырады.

Қазанның күштілігі-оның ұрған\_күрзісімен, «Құлар еді шапқанда, Қойқаптың тауы,тасы да»деп, суреттеледі . Қазан батырдың күштілігін көріп, шарасыздығын сезген батыр бала жылайды.Оның көзінің жасынан Шұбардың жалы сел болады. Бірақ осы қиын-қыстау кезінде Шұбардың ерекше ақылдылығы ашық көрінеді.Ол батырды құла дүз мидай далаға алып қашады.Қазан батыр атымен қанша шапса да оны өзіне жеткізбейді,бірақ көз жазып қалмауы үшін ара- қашықтықты бақылап, сақтап отырады.Негізінен Қазанның Қара тұлпары да жүйрік ат, бірақ Шұбардың орны ерекше және ол басқа атқа ұқсамайды.

« Қара ат шабысында айып жоқ.

Келеді желдей зуылдап.

Жеткізбейді Шұбар ат

Атқан оқтай зырылдап

Құйындай ұшып келеді»(10.32). Аты болдыра бастағанда, Қазанның кезекпенен сауыт-сайманын,қаруларын тастай бергенін және әбден қарусыз

қалғанын сезіп білген Шұбар ат, енді қашпайды. Соғысу сәті түскенін байқаған бала батыр Алпамыс та қашпай, Қараманды ұрып-соғып, атынан құлатып өлтіреді. Осында да батырлардың қиын кезінде ақылды да, сезімтал аттарының қандай қызмет атқарғаны көрінеді.

Алпамыс әкесінің жылқысын алып кеткен Тайшық ханның еліне барарда, Тайшық хан жұмсаған Мыстан кемпірмен кездескен кезде де «адамнан есті жануар» Байшұбар мыстанның ниетін сезеді де оны «қос аяқтап тебеді». Мыстанның «астындағы шұбардың басын кесіп тастай көр, қазанат тауып берейін» секілді шұбар атты жамандаған сөздеріне сеніп, Алпамыс қатты қаһарға мініп, «Ақ қанжарын суырып, заманасын қуырып, шұбарды басқа шауып» өлтіргісі келеді. Бірақ батырдың әрқашан қолдаушысы болған бабасы Ғайып-ерен қырық шілтен қылышты қолдан қағады да шұбар ат аман қалады. Батыр қалай аман болып елін, жерін қорғауға керек болып бабалары тарапынан ұдайы қолдау тапса, батырдың ойдағыдай ерлік көрсетуі, елін, халқын қорғауы, өз мақсатына жетуі үшін Байшұбар да сондай өмір сүруі керек. Батыр мен аты-ажырамас егіз ұғымдар. Сол үшін бабалары атын да осындай кезде қорғап аман алып қалады. Ал осы жерде Шұбарды түсінбеген Алпамыс Мыстанның тұзағына түсіп қалады.

Байшұбардың ақылдылығын суреттейтін тағы бір жері- қалмақтар Алпамыстан жеңіліс тауып, қалаға қашып кіріп есіктерін жапқанда, қалаға кірер бір есік іздеген батыр қалмақтар әдейі ашық қалдырған кішкентай бір есіктен Байшұбармен өтпекші болады. Бірақ Байшұбар қауіпті сезіп, оскырып, үркіп, есіктен өтпейді. Батыр аңғалдық танытып тағы ды Шұбардың әрекетін түсінбей, қатты ашуланып қамшымен атын ұрады. Одан кейін Шұбар ат амалсыз есіктен өтіп, қалмақтардың торына түскеннен кейін барып батыр істеген қателігін түсінеді. Батыр Шұбардың тілін алмағанына өкінеді. Қалмақтың осы торынан тағы да сілкініп, бұлқынып темір торды жүн-жүн қылып Шұбар құтқарады.

«Эр Табылдыда» батыр қатты ауырып төсек тартып жатқан кезінде, Қалмақ ханы Чалқалмақ жылқының бәрін жаппай алып кетеді. Қарындасы Қарлығаштың ағасы Табылдыға атының керек болатынын түсініп, жылқыға бара жатқанда, Арчаторының қандай ақылды және қасиетті жануар екендігін, ағасы үшін қаншалықты керек екенін айтқан сөздері көп нәрсені түсіндіреді:

«Айналайын жаныбар,  
Арчаторы буудансың,  
Айбанда болсаң жаныбар,  
Абама бир туғансың,...  
Айбандығың болбасо,  
Ақылың артық бир малсың...  
Жылқы да болсаң билсеңчи,  
Жылт коюп кайра келсеңчи,  
Кишиден эстүү мал элең,...» (11. 139-140).

Осы сөздерді айтқаннан кейін Қарлығаш жылқыға барып, қарап көрсе, жылқының бәрін Чалқалмақтың алып кеткенін көреді және ол Арчаторыны

да алып кетті деп қайғырып отырғанда, Арчаторы өзі бастаған аттармен келіп қалады.

« Арчаторы буудан...,  
Қардығач жатқан дөбеге

Келіп тұрған чағы бар»(11.141).Арчаторының осы жердегі ақылдылығы былай болған екен: Қалмақтардың жылқыға келе жатқанын, ісінен олардың жау екендігін

білген Арчаторы Табылдының қырық шорасы мінетін аттарды да қасына алып,қашып әкеліпті(11.141).

**Аттардың батырларды қорғауы.**

Өзара тағы бір ұқсастық-аттарының батырларды сын сағаттарында қорғаулары. Аттары батырларды ұйықтаған жерінде оятып,жаудың жаман ниетін сезіп ескерту жасап, жауға ұстатпай, алып қашуымен керек кезде қорғап отырады.

«Қобыландыда» Қарлыға Қобыландыны найзамен жарақаттағанда атынан құлаған Қобыландыға Қызылбас әскері де шапқысы және Тайбурылды ұстап мінгілері келеді. Бірақ Тайбурыл батырдың айналасында шауып жүріп,бір жағынан жерде жатқан иесі Қобландыны жаудың шабуылынан қорғаса, бір жағынан,өзін ұстатпайды. Тіпті қасқырша жауға шабады. Ақыры жаудың әскерінің бәрі бірігіп жабылған соң,аспанға ұшып кетеді. Осы жері дастанда былай суреттеледі:

«Қобыланды аттан түскен соң,...

Ұстаймыз деп Бурылды  
Қаншама әскер қамады

Жан серігі Бурыл ат,  
Мінуге жайың бар ма деп.  
Қобыландыны шыр айналып,  
Қасқырша шауып дұшпанға

Айналақтап қарады.

Омар менен Оспандай,  
Ай мүйізді қошқардай,  
Ұстатпайды Бурыл ат,

Қамалаған дұпанға-ай»(10.145).Осында Қараман батыр, Орақ батыр батырдың баласы Бөкенбай және Естеміс жүгіріп батырға жеткенше Бурыл Қобландыны қорғайды.

«Данишменд Ғазиде», батырдың ұйықтап жатқан кезінде, аты жаудың келе жатқанын сезіп батырды оятады:

«Мелік Данишменд...дереу атынан түсіп қалды да атын еркін қоя берді. Өзі ағаштың астындағы төсекке барып отырды. Біраз уақыттан соң ұйқысы келіп ұйықтап қалады. Бір кезде аты бірден аяғымен жерді теуіп, кісіней бастады. Мелік Данишменд орнынан тұрып қараса, алыста шаңдатып біреудің келе жатқанын көреді. Аздан соң шаң екіге бөлініп, ішінен атшаң алпамсадай ғажайып бір кісі шыға келді. Түрі еркек бір дәуге ұқсайтын еді»(14.10).

«Жаныш-Байышта» атының батырды қорғауы Жаныш қалмақтармен соғысқанда, жарақаттанып атынан құлағанда есінен танып қалады. Қалмақтар жерде жатқан Жанышты ұстап алу үшін келе жатқанда, батырдың қасынан кетпейтін аты батырды сыртына алып қашады.

«Эси ооп Эр Жаныш,  
Тулпардан түштү шалк этип,  
Алтын көкүл жарк этип.  
Биртике басты жетелеп,  
Эки жүз калмак артынан,  
Кууп барды энтелеп.  
Калмак чукул жеткенде,  
Аты турат кишенеп,  
Минерине алы жок,  
Жан жолдоштун баары жок,  
Эми кармап аларда,  
Эмгекти башка саларда,  
Айбан да болса Актулпар  
Окуранып жаныбар,  
Алтындан кылган кемерден,  
Кабаттай тиштеп алды эми,  
Карышкырча қылчайып,  
Кайра үстүне салды эми,  
Айбан да болса жаныбар,  
Адамдан эстүү турбайбы,  
Ала качып калды эми.  
Ала качып жаныбар,  
Алда кайда барды эми,  
Аркасынан кубалап,  
Калмактар жетпей калды эми.  
Ала качып жаныбар,  
Канча жерге барды эми,  
Кууп жүргөөн калмактар,  
Караанын көрбөй калды эми.  
Калмактар кууп жабышып,  
Тулпардын оозу қарышып,  
Кара-Үңкүрдүн ичине  
Алып барып таштады...»( 12.55).

Үңгірдің ішіне апарып тастағаннан кейін де Ақтұлпары батырдың қасынан бірде-бір кетпейді.

«Эр Табылдыда» атының батырды қорғауы Манастың күмбезіндегі дуанадан ем қабылдап ,кейін одан кетіп,елі жаққа келе жатқанда, жолда қайтадан жарақаты асқынып, жүре алмайтындай болады. Кейін қасындағы Елдияр жолдасы батырды бір жерде қалдырып,дәрі алуға ауылына барғанда,жерде ес білмей жатқан батырды атының шыбын да қондырмай қорғағанынан көрінеді.

«Арчатору жаныбар...

Көлөкө болып жалғызға,  
Күн жағын тосуп алаптыр.  
Бетине чымын кондурбай,  
Куйругун шыйпап калыптыр»( 11.263).

**Батырлардың аттарының қанатты болуы және олардың ұшуы:**  
Батырлардың аттарының тағы бір қасиеті олардың құстай қанатты және ұшады-деп суреттелуі.

«Алпамыста» Байшұбардың қанаттары болғанын Қазан батырдан қашып бара жатқанда айтады.

«Жаратқан жалғыз Аллаға,  
Жалынады жас бала.  
Астында Шұбар алаға:  
«Айналайын, Шұбар ат,  
Қолтығыңда бар қанат.  
Тастап кетпе апарып  
Адам көрмес салаға»( 10.31).

«Қобыландыда» Тайбурылдың ұшатыны ашық айтылады. Батыр Қазанға аттанардан бұрын туғалы бері бірінші рет күн көріп отырған Тайбурылға анасы Құртқа мінеді. Сол кезде:

«Атылып Бурыл ойнайды,  
Қыз Құртқаны көтеріп,  
Бурыл көкке екі ұшты.  
Салмағымен қыз Құртқа

Алып жерге бұл түсті»(10.88), делініп аттың көкке ұшқаны осылай ашық суреттеледі. Қобыланды Қазанға аттанғанда да, Бурылға мініп шабады. Сонда Бурылдың табаны жерге тимейді (10.97), онын қолтығында қос қанаты бар(10.97), Тайбурыл ақ сұңқар құстай қанатты(10.121)деген секілді сөздермен тұлпар аттың жылдамдығы әсіреленіп, қанаты бар деп айтылады.

Қарлыға Қобландыны жарақаттап атынан түсіргенде қалмақтар бір жағынан батырға жабылса, бір жағынан да оның атына қызығып оны ұстағығылары келеді. Сонда:

«Ұстатпайды Бурыл ат  
Қамалаған дұшпанға-ай.  
Жанына қысым келген соң,  
Соншама әскер үстінен,  
Гулөп ұшып аспанға,  
Жерде ұстамай қамалап,

Кім ұстасын аспанда-ай»(10.145) деп, Тайбурылдың ұшқаны анық суреттеледі.

«Эр Табылдыда» аттың анық ұшатыны туралы айтылмаса да «Адамға канат учар куш,» «Бүркүттүн канатындай зырқырап.» деген тіркестер кездеседі. Батырдың қарындасы Қарлығаш, Арчаторы қалмақтардан қашып, қырық атпен келгенде,

«Адамға канат учар куш,

Ардақтап минген тулпарлар»( 11.141-142) сөздерімен аттың адамдарға канат болып қызмет атқарғаны, сол себепті адамдардың оларды ардақтап

мінгені айтылады. Эр\_Табылды, қалмақтармен соғысқанда, Арчаторымен шапқан кезде, жылдамдығы соншалық бүркіттің қанатындай оның дауыс шығарғанын айтады.

«Арчатору жаныбар,...

Дем өткеріп алыптыр,

Айдарымға чапканда,

Эки этектен үн чыкат.

Бүркүттүн канатындай зыркырап.»( 11.216).

Міне, осылай біз түркі халықтарының ең негізгі байлықтарының біреуі болған батырлық жыр-дастандарымызда батырмен егіз ұғымға айналған, оның адал, есті, құстай қанатты, қысылшаң кезде жан жолдасы болған тұлпарларының кейбір ортақ қасиеттеріне ғана тоқталдық. Әрине, батырлар мінген аттардың тағы көптеген ерекше қасиеттері бар. Олар алдағы зертеулердің еншісінде.

### Әдебиеттер

1-Prof.Dr.İbrahim Kafesoğlu.Türk Milli Kültürü.İstanbul-1995

2-Gy. Moravcsik.Bölcs Leo..., 132-бетінен, Prof.Dr.İbrahim Kafesoğlu .Türk Milli Kültürü.İstanbul-1995

3- Эдессалық/қазіргі кезде Түркияның Ұрфа деген қаласының Батыс Рим империясы кезіндегі аты/поп Эфраимнің сөзі-Prof.Dr.Laszlo Rassonyi .Tarihte Türklük.Ankara,1993

4-Қорқыт Ата Кітабы. Алматы-1986

5- Махмут Қашғари. Түбі бір Түркі тілі.Алматы-1993

6-Orhan Şaik Gökyay.Dedem Korkudun Kitabı.İstanbul-2000,

7-Prof.Dr.Muharrem Ergin.Dede Korkut Kitabı.İstanbul-1995,

8- Қ.Ж. Жұмалиев.Қазақ эпосымен әдебиет тарихының мәселелері.

Алматы-

1958

9- Мырзатай Жолдасбеков.Асыл арналар.Алматы-1990

10-Төрт Батыр.Алматы-1990-17-72 беттер

11- Шырдақбек.Эр Табылды.Бишкек-2002

12-Жаныш-Байыш.Бишкек-2002

13-Necati Demir.Mehmet Dursun Erdem.Battal Gazi Destanı. Ankara-2006

14-Necati Demir. Danişmend-Name.Harvard Üniversitesi Yayınları-2002

### Резюме

По историческим данным тюркские народы впервые использовали коней в бою. Искусство ведения боя тюркских батыров и скакунов поразило даже европейцев, которые боевали против них. В этих боях крылатые скакуны играли огромную роль.

В данной статье автор рассматривает общие аспекты литературных наследий тюркских народов на материале жыров Алпамыс, Кобланды, Жаныш-Байыш, Эр Табылды, Баттал Гази и Данишмент Гази.

### Özet

Tarihi kaynaklar, atı ilk ehlileştiren ve savaşlarda kullananların Türkler olduğu konusunda hemfikirdirler. Türklere karşı savaşan yabancılar bile Türk kahramanlarının cesaretine, savaş kabiliyetine ve atlarının rüzgar gibi hızlarına hayran olmuşlardır. Kahramanların savaş meydanında kazandıkları zaferlerde onların en büyük yardımcıları ise atları olmuştur. Bu makalemizde Türk halklarının ortak zenginliklerinden olan Alpamıs, Kobılandı, Janış-Bayış, Er Tabıldı, Battalname ve Danişmendname gibi destanlarımızdaki bazı ortak noktalar üzerinde durulmuştur.

### Resume

Historical sources prove that turkish tribes were the first to tame horses and use them for military purposes. Even the foreigners were astonished by turkish warriors' heroism and skillfulness in the art of war as well as by the agility of their horses.

Horses also played an important role in the victories turkish soldiers achieved. The article focuses on comon cultural values of turkish people and copares horse motifs in epic poems, for example Alpamys, Kobylandy, Zhanysh-Bayish, Er-Tabyldy, Battal Gazi, Danishmend Gazi, etc.